АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

03.07.2025 № 2301-25-5-21/7697

№2301-25-00-2/1039

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына
Сот кабинеті

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының жауапкер «ЖАНБОТА» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша 2025 жылғы 21 мамырдағы шешімнің көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі – 1 дана.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Орынд.:Борисова Ш.М.
тел.: 8-775 138 70 86, 712-1275@sud.kz

Құжатты жасаған: БОРИСОВА Ш. М., 123, 712-1275@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: МОМЫНЖАНОВ Ж. М., 03.07.2025 17:53

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі: он

2301-25-5-21/7697 03.07.2025

Evaluation Only. Created with Aspose.Words. Copyright 2003-2015 Aspose Pty Ltd.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 мамыр №2301-25-00-2/1039 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М.Момынжанов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Құлыншақ» комуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ЖАНБОТА» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Құлыншақ» комуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ЖАНБОТА» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЖАНБОТА» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 21.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 02.07.2025